

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№373

2015 жылғы 11 желтоқсан

«Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 12 қазандағы №419 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2011 жылғы 12 қазандағы №419 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес, оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі Аймақтық комиссияның дербес құрамы қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Л. ЖАЗЫҚОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Адам саудасына байланысты қылмысқа қарсы күрес,
оны болдырмау және оның алдын алу жөніндегі
Аймақтық комиссияның дербес құрамы**

ЖҰМАҒАЗИЕВ
Мұхтар Сабырұлы

облыс әкімінің орынбасары,
комиссия төрағасы

АХАНОВ
Рахат Советұлы

«Ақтөбе облысының ішкі істер
департаменті» РММ бастығының бірінші
орынбасары, *комиссия төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)*

ТӨЛЕГЕНОВ
Жақсат Сәндібайұлы

«Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» ММ
мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі
басшысының м.а., *комиссия хатшысы*

Комиссия мүшелері:

БӨРІБАЕВ
Қайрат Әбілқасымұлы

«Ақтөбе облысының прокуратурасы» РММ
прокурордың орынбасары
(келісім бойынша)

ДҮЙСЕНОВА
Айгүл Егізбайқызы

«Ақтөбе қаласының әйелдерді қолдау
орталығы» ҚБ төрайымы *(келісім бойынша)*

«Ақтөбе облысының ішкі саясат
басқармасы» ММ басшысы

ЕЛТҮЗЕРОВ
Ерлан Серікұлы

«Ақтөбе облысының ішкі істер
департаменті» РММ ҰҚҚБ адам
саудасына қарсы күрес бөлімінің аға жедел
уәкілі *(келісім бойынша)*

РЫСПАЕВА
Альбина Байзуллақызы

«Ақтөбе облысының Әділет департаменті»
РММ құқықтық түсіндіру және халыққа
заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің
басшысы *(келісім бойынша)*